

«Бейбітова» ДК

**Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі
Монреаль хаттамасы мен оған түзетулердің
талаптарын орындау бойынша
Қазақстан Республикасының
БАЯНДАМАСЫ**

2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 158 шарт шеңберінде

Лот №16373481-ОИ2: Экология саласында есептерді және ұқсас құжаттарды дайындау/верификациялау/сүйемелдеу/жасау бойынша көрсетілетін қызметтер

«Бейбітова» ДК басшысы

А.Д. Бейбітова

Орындаушылар:

Сарапшы

Ә.Б. Шаханова

Сарапшы

Ж.К. Кушенова

Астана қаласы, 2018 жыл

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	3
КІРІСПЕ.....	4
Қазақстан Монреаль хаттамасының Тарапы ретінде.....	5
Монреаль хаттамасының және оған Түзетулердің талаптарын Қазақстанның орындауы	8
Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Кигали түзетуі	12
ҚОРЫТЫНДЫ.....	18

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

1-кесте. Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының Тарапы ретінде Қазақстан туралы ақпарат	6
2-кесте. ҚР МКК «Қазақстан Республикасының СЭҚ ТН 10 белгісі бойынша «тауар – ел» бөлінісіндегі экспорты мен импорты» кестесінен СЭҚ ТН рұқсат етілген кодтары бойынша 2017 жылға үзінді-көшірме.....	8
3-кесте. 2-баптың (Монреаль хаттамасының 5-бабының шеңберінде әрекет етпейтін) елдер үшін ГФК тұтынуды кезең-кезеңмен қысқарту графигі.....	14

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Вена конвенциясы	Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясы, 1985 жылғы 22 наурызда қабылданған, Вена қаласы ¹
ГХФК	гидрохлорфторкөміртекттер
ГФК	гидрофторкөміртекттер
ЭРБК	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті
ОБЗ	озонды бұзатын заттар
ОБҚ	озонды бұзу қабілеті
ЖЖӘ	жаһандық жылыну әлеуеті
Түзету	Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль конвенциясына түзетулер
Хаттама	Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы, 1987 жылғы 16 қыркүйекте қабылданды, Монреаль қаласы ²
ҚР	Қазақстан Республикасы
Келісім	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы 2015 жылғы 29 мамырдағы келісім. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 387 қаулысымен мақұлданды
б.	бап

¹ https://treaties.un.org/pages/ViewDetails.aspx?src=TREATY&mtdsg_no=XXVII-2&chapter=27&lang=en;

² https://treaties.un.org/pages/ViewDetails.aspx?src=TREATY&mtdsg_no=XXVII-2-a&chapter=27&clang=en;

КІРІСПЕ

Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы – Тараптарын оған қосымшаларда көрсетілген озонды бұзатын заттарды және гидрофторкөміртекттерді өндіру мен тұтынуды қысқартуды мемлекеттік реттеу жолымен озон қабатын қорғау бойынша нақты шаралар қабылдауға міндеттейтін Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына халықаралық Хаттама.

Хаттаманың бірінші редакциясы 1987 жылғы 16 қыркүйекте қабылданды және 19889 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді. Хаттама қабылданған сәттен бастап оған бес Түзету және бес Түзетпе енгізілді. Хаттаманы ратификациялаған барлық елдерге Түзетпелер автоматты түрде таралады. Түзетпелерге қарағанда Хаттамалар ратификациялануы тиіс.

Түзетпелер мен түзетулерден басқа жыл сайын хаттама Тараптарының кеңестері өтеді, оларда оның іске асыру жөніндегі шешімдер қабылданады. Озон жөніндегі хатшылық веб-парақшасына³ қызмет көрсетеді, ол Монреаль хаттамасы Тараптарының барлық кеңестерінде қабылданған шешімдерді көрсетеді.

Вена конвенциясын және Монреаль хаттамасын (Кигалиді⁴ қоспағанда барлық енгізілген Түзетулермен) әлемнің барлық елдері, оның ішінде Қазақстан ратификациялады, бұл оларды бүкіл әлемді ратификациясы бар алғашқы және жалғыз табиғат қорғау келісімі етеді.

Биылғы жылы Вена конвенциясы мен Монреаль хаттамасы Қазақстан үшін күшіне енгеніне 20 жыл болды. Осы уақыт аралығында Қазақстан озонды бұзатын заттарды тұтынуды қысқартуда жақсы нәтижелерге қол жеткізді және Жердің озон қабатын қорғауға өзінің үлесін қосты.

³ <http://ozone.unep.org/montreal-protocol-substances-deplete-ozone-layer/32506>

⁴ <http://ozone.unep.org/countries/ratifications>

Қазақстан Монреаль хаттамасының Тарапы ретінде

Қазақстан Монреаль хаттамасына «Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына қосылуы туралы» 1997 жылғы 30 қазандағы № 176 ҚР Заңымен қосылды, сондай-ақ Кигалиді қоспағанда, оған барлық одан кейінгі: Лондон, Копенгаген, Монреаль және Пекин Түзетулерін ратификациялады.

Барлық Түзетулер және Қазақстанның Тарапы ретіндегі мәртебесі бойынша ақпарат 1-кестеде келтірілген.

Қазақстан Хаттаманың 5-бабының шеңберінде әрекет етпейтін Тарап ретінде жіктеледі және Хаттаманың 2-тармағына⁵ сәйкес дамыған елдермен тең міндеттемелер сақтауға міндетті.

5-баптың елдері – Монреаль хаттамасының Тараптары болып табылатын, А қосымшасының бақыланатын заттарының халық жанына 0,3 кг-дан кем және В қосымшасының бақыланатын заттарының халық жанына 0,2 кг-дан кем жыл сайынғы есепті тұтыну деңгейі бар дамушы елдер.

5-баптың елдеріне жатқызылмаған, оған қоса 2-бап елдері деп аталатын елдер бұл Монреаль хаттамасының барлық басқа Тараптары, - негізінен дамыған елдер.

Көшпелі экономикасы бар елдер бұрынғы Кеңес Одағы мен Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттері болып табылады, олар құрылымдық, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер процесстерінен өтті, олардың нәтижесінде осы елдердің үкіметтері үшін де, өнеркәсіп үшін де күрделі қаржылық және әкімшілік қиындықтар пайда болды. Осы өзгерістер халықаралық, оның ішінде Монреаль хаттамасына сәйкес ОБЗ-ны кезең-кезеңмен шығару сияқты келісімдерді жүзеге асыруға әсер етті. Көшпелі экономикасы бар елдер 2-баптың шеңберінде де, 5-баптың шеңберінде де әрекет ететін елдерді қосады.

⁵ <http://ozone.unep.org/classification-of-parties>

1-кесте. Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының Тарапы ретінде Қазақстан туралы ақпарат

	Вена конвенциясы	Монреаль хаттамасы	Лондон түзетуі	Копенгаген түзетуі	Монреаль түзетуі	Бейжін түзетуі	Кигали түзетуі
Барлық Тараптар	197	197	197	197	197	197	55*
Қабылдау/ күшіне ену күні	22.03.1985 22.09.1988	16.09.1987 01.01.1989	29.06.1990 10.08.1992	25.11.1992 14.06.1994	17.09.1999 10.11.1999	03.12.1999 25.02.2002	15.10.2016 01.01.2019
Немен қабылданды			Тараптардың екінші кеңесі II / 2-шешім	Тараптардың төртінші кеңесі IV / 4-шешім	Тараптардың тоғызыншы кеңесі IX / 4-шешім	Тараптардың он бірінші шешімі XI / 5-шешім	Тараптардың жиырма сегізінші кеңесі XXVIII / 1-шешім
Қазақстан, қосылған күні	30.10.1997		07.05.2001	06.04.2011		23.04.2014	–
ҚР үшін күшіне енуі ⁶	26.08.1998		26.07.2001	28.06.2011		19.09.2014	–
Қазақстан Республикасының Заңы	«Қазақстан Республикасының Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылуы туралы» № 177–І ҚРЗ	«Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына қосылуы туралы» № 176 ҚРЗ	«Лондонда 1990 жылғы 27-29 маусымда жасалған Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Түзетуге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» № 191 ҚРЗ	«1992 жылғы 23 - 25 қарашада Копенгагенде қабылданған Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Түзетуді және 1997 жылғы 15 - 17 қыркүйекте Монреальде қабылданған Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Түзетуді ратификациялау туралы» № 426-IV ҚРЗ		«Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына 1999 жылғы 3 желтоқсанда Бейжінде қабылданған Түзетуді ратификациялау туралы» № 198-V ҚРЗ	–
Қысқаша мазмұны	Озон қабатын қорғау бойынша халықаралық күш-жігер үшін	Галогенделген көмірсутектердің әрбір тобы үшін оның	Монреаль хаттамасында көзделген мерзімдерді	Метилбромидті (бромды метилді) қосу есебінен Монреаль	ОБЗ экспорты мен импортын лицензиялаудың глоуальді жүйесін	Түзетуі ГХФК тұтыну бақылауды және оны кезең-кезеңмен	Гидрофторкөміртекті (ГФК) тұтыну мен өндіруді реттеу енгізіледі.

⁶ <http://ozone.unep.org/countries/ratifications> , по состоянию на 28 сентября 2018 года

	негіз ретінде әрекет етеді. Алайда, конвенция озон қабатының азып-тозуын туындайтын химиялық заттар пайдалануды қысқартудың заңгерлік міндетті мақсаттарын қоспайды. Олар ілеспе Монреаль хаттамасында баяндалған.	ішінде ол өндірістен шығарылуы және пайдаланудан алып тасталуы тиіс айқындалған мерзімді көздейді.	қатаңдатады, реттелетін заттар тізбесін кеңейтеді, галлондар, төртхлорлы көміртегі және метилхлороформ қосылды.	хаттамасы реттейтін заттардың тізімі кеңейтілді. Бұдан басқа, бірқатар ОБЗ үшін өндіру мен тұтынуды аяқтау мерзімдері енгізілді.	белгілеу жөніндегі талаптарды, сондай-ақ Хаттама Тарапы болып табылмайтын елдерден фумигант ретінде пайдаланылатын метилбромидтің экспорты мен импортына саудалық тыйым салуды көздейді.	тоқтатудың неғұрлым қатаң мерзімдерін енгізеді. Осы Түзетуді ратификацияламаған елдермен кез-келген ОБЗ саудалауға тыйым салуды белгілейді, сондай-ақ жаңа реттелетін зат – бромхлорметан енгізілді.	
--	--	--	---	--	--	--	--

* - 2018 жылғы 28 қыркүйектегі жай-күй бойынша

Монреаль хаттамасының және оған Түзетулердің талаптарын Қазақстанның орындауы

Озонды бұзатын заттарды және құрамында олар бар өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті беретін лицензияның негізінде жүзеге асырылады.

Жыл сайынғы импорт көлемдері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ОБЗ квоталарына тәуелді болады, олар 2017 жылы ҚР Энергетика министрінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 35 бұйрығына сәйкес 1-топтың С қосымшасының реттелетін заттарының 71 тоннасын⁷ құрады.

2017 жылы ЭРБК Қытайдан 18 тонна R-22 (код ТН ВЭД ЕАЭС 2903 71 000 0) фреонын және 53 тонна HCFC-141b (код ТН ВЭД ЕАЭС 2903 73 000 0) фреонын импорттауға 4 лицензия берді. Жалпы алғанда, әкелуге рұқсат етілген мөлшер 71 тонна ОБЗ құрады.

Іс жүзінде, импортқа лицензияларда өтінім берілген барлық ОБЗ елге әкелінді (2-кесте), бұл ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің «Қазақстан Республикасының СЭҚ КН 10 белгісі бойынша «тауар – ел» бөлінісіндегі экспорты мен импорты» деген 2017 жылғы қаңтар-желтоқсандағы статистикалық ақпаратымен⁸ расталады, ол http://kgd.gov.kz/sites/default/files/exp_trade/ts_10z_12n_17.zip мекенжайы бойынша қолжетімді.

2-кесте. ҚР МКК «Қазақстан Республикасының СЭҚ ТН 10 белгісі бойынша «тауар – ел» бөлінісіндегі экспорты мен импорты» кестесінен СЭҚ ТН рұқсат етілген кодтары бойынша⁹ 2017 жылға үзінді-көшірме

Қазақстан Республикасының СЭҚ ТН 10 белгісі бойынша «тауар – ел» бөлінісіндегі экспорты мен импорты 2017 жылғы қаңтар - желтоқсанға

саны тонна (нетто салмағы)	Тауардың, елдің атауы қосымша өлшем бірлігі	Қосым ша өлшем бірлігі нің атауы	Экспорт			Импорт		
			саны		құны, мың АҚШ доллары	саны		құны, мың АҚШ доллары
			тонна (нетто салмағы)	қосымша өлшем бірлігі		тонна (нетто салмағы)	қосымша өлшем бірлігі	
тонна (нетто салмағы)	қосымша өлшем бірлігі	Т		-	-	18,0	0,0	27,4
	Әлемнің басқа елдері			-	-	18,0	0,0	27,4
	ҚЫТАЙ			-	-	18,0	0,0	27,4
2903730000	Көмірсутектердің галогенделген туындылары: - ациклді көмірсутектердің құрамында екі немесе одан артық әртүрлі галогендері бар галогенделген туындылары: - дихлорфторэтан	т		-	-	53,0	0,0	164,8

⁷ «цифрлар Еуразиялық экономикалық одақтың шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер оларға қатысты қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.1-бөлімінің С тізімінде көрсетілген заттарға қолданылады және Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының Тараптары Кенесінің 2014 жылғы № XXVI/13-шешіміне сәйкес белгіленген»;

⁸ http://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files;

⁹ «Тарифтік емес реттеу шаралары туралы» Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге рұқсат беру тәртібі оларға қатысты белгіленетін тауарлар тізбесінің 2.1-бөлімі»

	Әлемнің басқа елдері			-	-	53,0	0,0	164,8
	ҚЫТАЙ			-	-	53,0	0,0	164,8

Сонымен бірге, Қазақстан Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасында көзделген ОБЗ тұтынды реттеу шараларын¹⁰ сақтамау режимінде 5 рет болды:

- 2001 жылы (XIII/19-шешім);
- 2005 жылы (XVII/35-шешім);
- 2013 жылы (XXV/12-шешім);
- 2014 жылы (XXVI/13-шешім) және
- 2017 жылы (XXIX/14-шешім).

Осы сәтке өзектісі соңғы үш Шешім болып табылады. Шешімдер бар болғаны үшеу, алайда олар 5 жыл уақыт аралығын қамтитын, яғни Қазақстан СӘ тобының гидрохлорфторкөміртекті бойынша сақтамау режимінде 5 жыл болғанын (бұл 2011, 2012, 2013, 2015 және 2016 жылдар), олардың ішінде 2 жыл (2011 және 2013) сондай-ақ бромды метилді (ЕІ тобын) қозғайтынын атап өту қажет.

Орындау жөніндегі комитеттің Монреальде 2017 жылғы 18 қарашада өткен Монреаль хаттамасын сақтамауға қатысты рәсімдер шеңберіндегі 59-кеңесінде¹¹ Қазақстанның өкілі 2015 және 2016 жылдардағы сақтамаудың негізгі себептері: озонды бұзатын заттардың типін айқындауға арналған детекторларды қоса алғанда кеден жабдығының төмен сапасын; табиғи салқындатқыштарға көшу үшін компаниялардың техникалық персоналының тарапынан әлеуеттің жетіспеушілігін; ГХФК-ні озон үшін қауіпсіз заттарға ауыстыру қажеттілігі туралы және озонды бұзатын заттар келтіретін зиян туралы жұртшылықтың жеткіліксіз хабардар болуын; және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа елдерден заттардың бақыланбайтын импортын қосқанын түсіндірді.

Қазақстан сондай-ақ 2008 жылдан бастап озонды бұзатын заттарды тұтынуды қысқарту мақсатында техникалық қолдау көрсетілмегенін атап өтті.

Қазақстан ГХФК тұтынуды 2025 жылғы 1 қаңтарға қарай кезең-кезеңмен толық айналымнан шығара отырып, 2017, 2018 және 2019 жылы 7,5 тонна ОБҚ, 2020 жылы 6,0 тонна ОБҚ, 2021 жылы 3,95 тонна ОБҚ және 2022, 2023 және 2024 жылдары 0,5 тонна ОБҚ аспайтын деңгейге дейін қысқартуды қосатын қайта қаралған іс-қимыл жоспарына қатысты ұсыныс берді. Қосымша тұтыну көлемі Монреаль хаттамасына сәйкес жол берілетіндей 2020 және 2030 жылдар аралығындағы кезеңде тоңазытқыш жабдығына және ауаны баптау жүйелеріне қызмет көрсету үшін қажет болады.

Бұл ретте, Комитет Мүшелері Қазақстанның түсініктемелер мен қайта қаралған іс-қимылдар жоспарын ұсынғаны үшін ризашылығын білдіре отырып, ол кезең-кезеңмен айналымнан шығаруға дейін көздейтін ұзақ мерзімді кешігу бойынша алаңдаушылығын айтты, бұл кезең-кезеңмен айналымнан шығару мерзімі болғаннан кейін бірнеше жыл ішінде тұтынуды білдіреді.

Қазақстанның өкілі қайта қаралған іс-қимылдар жоспарын ұсына отырып, XXVI/13-шешім қабылданғаннан кейін оның елінің үкіметі ГХФК тұтыну туралы ережелерді жетілдіргенін және импортты бақылауға талпынғанын, алайда ол туралы хатшылыққа хабардар еткен қиындықтар шеккенін түсіндірді. Импорт туралы кедендік

¹⁰ <http://ozone.unep.org/ru/%D1%80%D1%83%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE-%D0%BF%D0%BE-%D0%BC%D0%BE%D0%BD%D1%80%D0%B5%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D1%83-%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%82%D0%BE%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D1%83-%D0%BF%D0%BE-%D0%B2%D0%B5%D1%89%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0%D0%BC-%D1%80%D0%B0%D0%B7%D1%80%D1%83%D1%88%D0%B0%D1%8E%D1%89%D0%B8%D0%BC-%D0%BE%D0%B7%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%8B%D0%B9-%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B9/87914/1687> ;

¹¹ <http://ozone.unep.org/meetings#>;

деректердің толық талдауы, сондай-ақ ГХФК пайдаланатын негізгі компанияларды зерделеу осы компаниялар өздерінің квоталарын асырмағанын растады, бұл заңсыз импорттың бар болуын көрсетеді.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының қолдауы кезінде алған тартқан жобаны Жаһандық экологиялық қордың бекітуі ГХФК да, ГФК да тұтырудан болашақта кезең-кезеңмен бас тарту үшін төтенше мәні болады және үкіметке импортқа бақылауды күшейтуге және өзінің заңнамасын жаңартуға мүмкіндік береді. Алайда, жобаларды бекіту процесі әдетте 16 айға дейін алатынын ескере отырып, 2019 жылға дейін бастау мүмкін болмайды, бұл ретте алғашқы мәнді қысқарту 2021 жылдан ерте күтілмейді.

Комитет мүшелерінің сұрақтарына жауап бере отырып, ол ГХФК тұтыну Ресей Федерациясынан күтіліп отырған импортқа байланысты, күтіліп отырғандай, 2025 жылғы дейін жалғасатынын түсіндірді. Жаһандық экологиялық қор тарапынан қолдаудың маңызды нәтижелердің бірі кеден органдары қолданатын анықтау құралдары сапасының артуы болады.

Баяндалғанды ескере отырып, Тараптардың Жиырма жетінші кеңесі XXVI/13-шешімде баяндалған Қазақстанның бастапқы іс-қимылдар жоспарын қайта қарауға келісті және XXIX/14-шешіммен Қазақстанның қайта қаралған іс-қимылдар жоспарын бекітті, бұл Қазақстанға сақтау режиміне қайта оралуға мүмкіндік берді.

Орындау жөніндегі комитеттің Венада 2018 жылғы 8 шілдеде өткен Монреаль хаттамасын сақтамауға қатысты рәсімдер шеңберіндегі алпысыншы кеңесіне¹² Қазақстанның өкілі қатыспады.

Комитет Қазақстан XXIX/14-шешімде бар ГХФК тұтынуды 2017 жылы 7,5 тонна ОБҚ аспайтын деңгейге дейін шектеуге өзінің міндеттемесін сақтайтынын көрсеткен өзінің деректерін 7-бапқа сәйкес 2017 жылға ұсынғанын қанағаттана отырып атап өтуге қаулы етті.

Қосымша ақпарат ұсыну туралы өтінішке жауап ретінде БҰҰДБ өкілі Қазақстан көшпелі экономикасы бар, кезең-кезеңмен ГХФК жою үшін жәрдем алмаған жалғыз ел болып табылатыны туралы Қазақстанды хабардар етті. Алайда 2017 жылы Жаһандық экологиялық қордың Кеңесі Қазақстан үшін жоба тұжырымдамасын мақұлдады және 2019 жылғы наурыз/сәуірден кешіктірмей, бірақ үміттенуге мүмкін болатындай, ұсыну үшін егжей-тегжейлі ұсыныс әзірлеуде. Осы жобаны толық көлемде іске асыру үшін ГХФК тұтынуды реттеу үшін қажетті институционалдық әлеуетті қалпына келтіруден бастап кемінде төрт жыл қажет болады.

Осылайша, Қазақстан қайта қаралған іс-қимылдар жоспарына сәйкес сақтау режиміне қайта оралды.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудалауын жүзеге асыру кезінде ОБЗ импорты жағдайында лицензиялау тетігі әлі қолданысқа енгізілмеген, бұл Россияға, мысалға, ОБЗ жалпы ұлттық квотасында есепке алмай, осылайша, қысқарту графиктерінде және ҚР Энергетика министрінің бұйрығымен белгіленген квоталарды асыра отырып, Қазақстанға ОБЗ экспорттауға мүмкіндік береді. Бұл, атап айтқанда, Қазақстанның ОБЗ тұтынуды қысқарту графигін сақтамауы режиміне ішінара әкелді.

¹² <http://ozone.unep.org/meetings#> ;

2015 жылғы 29 мамырда Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелер арасында Озонды бұзатын заттардың және құрамында олар бар өнімдердің орнын ауыстыру және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында өзара саудалау кезінде озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қол қойылды. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 387 қаулысымен Келісім мақұлданды.

«Озонды бұзатын заттардың және құрамында олар бар өнімдердің орнын ауыстыру және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында өзара саудалау кезінде озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімді және Озонды бұзатын заттардың және құрамында олар бар өнімдердің орнын ауыстыру және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында өзара саудалау кезінде озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2015 жылғы 29 мамырдағы хаттаманы ратификациялау туралы» ҚР Заңының жобасы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 30 шілдедегі № 471 қаулысымен ҚР Парламентінің Мәжілісіне қарастыруға енгізілді.

Осы шара Монреаль хаттамасының талаптарын сақтау режимінде болу үшін болашақта ОБЗ импортының көлемдерін реттеуге мүмкіндік береді.

Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Кигали түзетуі

2016 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАЗАНДА Кигали қаласында (Руанда) Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы Тараптарының жиырма сегізінші Кеңесінің XXVIII/1-шешімімен Монреаль хаттамасына қосымша Түзету – гидрофторкөміртекті (ГФК) өндіру мен тұтынуды кезең-кезеңмен қысқартуды көздейтін «Кигали түзетуі»¹³ қабылданды.

Озонды бұзатын заттарды (ОБЗ) өндіру мен тұтынуды кезең-кезеңмен қысқартуға бағытталған Монреаль хаттамасының өзіне және оған алдағы түзетулерге қарағанда Кигали түзетуі жаңа мақсатты – климаттың жаһандық өзгеруін жұмсарту декларацияланған.

2018 жылғы 28 қыркүйектегі жай-күй бойынша Түзетуді 55 ел¹⁴, оның ішінде Австралия, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Ирландия, Канада, Мексика, Норвегия, Германия, Франция, Біріккен Корольдық, Швеция, Латвия, Литва, КХДР және басқалары ратификациялады.

АҚШ, Қытай, Индия, Ресей және Орталық Азияның бірде бір елі көрсетілген күнге Түзетуді ратификацияламады.

Түзету 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Монреаль хаттамасының кемінде 70 Тарапы Түзетуді ратификациялау шарты кезінде 2033 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін ГФК реттеу ережелері ерекшелік құрайды^{15,16}.

ГФК реттеу қажеттілігінің пайда болу себебі

Нөлдік озон бұзу әлеуеті (ОБӘ) бар ГФК ерекше қасиеттерінің (тұтанбағыштық, химиялық инерттілігі, салыстырмалы төмен шығыстары және өте тамаша салқын өткізгіштік) арқасында соңғы онжылдықта хладогент, көпірткіш, аэрозольді пропеллен және еріткіш ретінде ГХФК басты ауыстырғыштар болды.

Сонымен бірге, неғұрлым таралған ГФК мен қоспалар СО₂ жаһандық жылыну әлеуетінен (ЖЖӘ) бірнеше мың есе асып түсетін едәуір жоғары ЖЖӘ бар қуатты парниктік газдар болып табылады.

Монреаль хаттамасының шеңберінде ГФК тұтынуды кезең-кезеңмен қысқарту қажеттілігін Тараптар 2009 жылдан бастап талқылады және Кигали түзетуі бойынша қол жеткізілген келісім (XXVIII/1-шешім және ілеспе XXVIII/2-шешім) Монреаль хаттамасының ойдағыдай миссиясын жалғастыруды қамтамасыз етеді.

Кигали түзетуі Климат жөніндегі Париж келісінде¹⁷ белгіленген мақсаттарға – жаһандық температураның өсуін осы ғасырдың соңына дейін 2°C дейін ұстауға қол жеткізуде өзінің мәнді үлесін енгізуде. Қолда бар бағалаулар бойынша Кигали түзетуінде көзделген іс-қимылдарсыз осы кезеңде ГФК тұтыну әртүрлі көздерден ГФК шығарындылары температураның 0,5°C өсуіне әкелуі мүмкін деңгейге өсуі мүмкін.

¹³ <http://ozone.unep.org/en/handbook-montreal-protocol-substances-deplete-ozone-layer/41453>;

¹⁴ <http://ozone.unep.org/countries/ratifications>;

¹⁵ Кигали түзетуі, IV бап: Күшіне енуі;

¹⁶ ...немесе Хаттаманың 4-бабын (Түзетудің Тараптары болып табылмайтын елдермен саудалауды реттеу) 70 ел ратификацияланған кезде (қайсысы кейінірек болатынына тәуелді). Тараптар Түзетудің Тараптары болып табылмайтын елдерге ГФК экспортына тыйым салулары және осы елдерден ГФК импортына тыйым салулары тиіс;

¹⁷ Парниктік газдардың жаһандық шығарындыларын төмендету бойынша күрделі қадам болып табылатын Климат жөніндегі Париж келісімі 2015 жылғы желтоқсанда қабылданды және 2016 жылғы 4 қарашада күшіне енді. Қазақстан Париж келісімін 2016 жылғы 4 қарашадағы № 20-VI ҚР Заңымен ратификациялады;

Кигали түзетуінің контекстінде оның шеңберінде тұтыну мен өндіруді толық шығару көзделген ГХФК ауыстыру режимін тұтыну мен өндіруді айқындалған деңгейге дейін қысқартуды көздейтін ГХФК қысқарту режимінен айырған өте маңызды. ГФК толық ауыстыру емес, қысқарту себебі келіссөздер сәтінде кейбір кіші секторларда техникалық және экономикалық қолжетімді баламалардың жоқ болуымен шартталған.

Кигали түзетуінің негізгі талаптары

Кигали түзетуі Монреаль хаттамасын екі топқа: I топ: барлық ГФК (ГФК-23 пен ГФО¹⁸ басқа) және II топ: ГФК-23 бөлінген 18 гидрофторкөміртегін кезең-кезеңмен айналымнан шығаруды көздейтін ережелермен (F қосымшасы) толықтырады:

а). Лицензиялау. 2019 жылғы 1 қаңтарға қарай (немесе Түзету Тараптар үшін күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде) әрбір Тарап F қосымшасына енгізілген жаңа, пайдаланылған, айналымға қайта қайтарылған және кәдеге жаратылған реттелетін заттардың импорты мен экспортын лицензиялау жүйесін құрады және енгізеді¹⁹.

б). Кезең-кезеңмен қысқарту графиктері. Хаттаманың 5-бабының шеңберінде әрекет етпейтін бес ел (Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан мен Өзбекстан)²⁰ үшін ГФК тұтынуды реттеудің бастапқы мерзімі 2020 жылдан басталуы, сондай-ақ базалық деңгейді есептеудің өзге формуласы және Хаттаманың 5-бабының шеңберінде әрекет етпейтін басқа елдерден ерекше ГФК тұтынуды қысқартудың бастапқы сатылары (бастапқы екі сатысы)²¹ көзделуі мүмкін.

в). ГФК тұтынудың базалық деңгейі. Базалық деңгейлер 5-баптың шеңберінде әрекет етпейтін елдер үшін ГХФК өндірудің/тұтынудың өткен базалық деңгейлерінің плюс 2011-2013 жылдары ГФК өндірудің/тұтынудың орташа көлемдері негізінде есептелетін болады.

Тұтынуды есептеулерде ГФК-мен қатар ГХФК айқындалған бөлігін есепке алу үшін негіз кезең-кезеңмен ГХФК бас тартудың елдік жоспарларында көзделген ГХФК балама ретінде ГФК пайдалану мүмкіндігі және осы үлесті базалық деңгейде есепке алу қажеттілігі болып табылады.

г). ГФК бойынша есептеулер. Өлшем бірліктер. F қосымшасына енгізілген заттардың Кигали түзетуімен белгіленген өндіру мен тұтынудың базалық шамалары, сондай-ақ импортының, экспорты мен шығарындыларының көрсеткіштері жылдық тұтынудың метрлік тонналардағы көрсеткіштерін Хаттамаға C және F қосымшаларда келтірілген жүзжылдық жаһандық жылыну әлеуетінің (ЖЖӘ) тиісті көрсеткішіне көбейту жолымен CO₂²² эквивалентінде (CO₂-экв) есептеледі. Тиісті Қосымшада ЖЖӘ көрсетілмеген заттар (мысалға, ГХФК) үшін ЖЖӘ мәні қабылданғанға дейін нөлге (0) тең белгіленген мән қолданылады.

Қосымшаларда ЖЖӘ мәндері бір компонентті хладагенттер үшін келтірілген. Екі және одан артық хладагенттен тұратын қоспалар үшін ЖЖӘ жекелеген компоненттердің орташа салыстырмалы шамасы ретінде есептеледі. Яғни, қоспаның ЖЖӘ есептеу үшін жекелеген компоненттердің ЖЖӘ олардың массасына тепе-тең қосу қажет.

¹⁸ Гидрофторолефиндер (ГФО) – басқа ГФК салыстырғанда неғұрлым төмен ЖЖӘ бар және атмосферада «өмір сүру уақыты» неғұрлым қысқа қанықпаған ГФК-хладагенттерінің жаңа сыныбы. ГФО Кигали түзетуінің талаптарына сәйкес кезең-кезеңмен айналымнан шығаруға жататын заттардың тізбесіне енгізілмеген;

¹⁹ Кигали түзетуі, Хаттаманың 1-бабы, 4В бабының 2-бис тармағы

²⁰ Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы Тараптарының Жиырма сегізінші Кеңесінің XXVIII/2-шешімі, 1-тармақ;

²¹ Кигали түзетуі, Хаттаманың 1-бабы, 2J бабының 2 және 4-тармақтары;

²² Кигали түзетуі, Хаттаманың 1-бабы, 3-бабының 2-тармағы;

Осы тәсіл елдерге Жаһандық жылыну әлеуеті (ЖЖӘ) неғұрлым жоғары ГФК шығарудың бірінші кезектілігін, мысалға, ЖЖӘ жоғары ГФК пайдалануға немесе құрамында ЖЖӘ жоғары ГФК бар жабдықтың ерекше үлгісін нарықта орналастыруға тыйым немесе өзге де шектеулер енгізе отырып белгілеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Түзету шеңберінде ГФК бойынша есептеулер (базалық деңгейді қоса алғанда) озонды бұзатын қабілеті тонналарында емес, ЖЖӘ тонналарында (CO₂ эквивалентінде жүргізілетін болады.

д). *Есенділік.* F қосымшасының реттелетін заттарының әрқайсысын өндірудің, импорттау мен экспорттаудың базалық деңгейі бойынша деректерді (2011-2013 жылдарға) Тарап Кигали түзетуі осы Тарап үшін күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей ұсынуға тиіс.

Кигали түзетуі күшіне енетін жылды қоса алғанда, ГФК тұтынудың және F қосымшасының II тобының реттелетін заттарының²³ жыл сайынғы шығарындыларының жыл сайынғы статистикалық есептілігін ұсыну мерзімдері ГХФК шеңберінде есептілік ұсынудың қолданыстағы жүйесінен ұқсас, яғни жыл сайын, есепіден кейінгі жылғы 30 шілдеге дейін болады.

Қолданыстағы есептілік нысандарына және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарға F қосымшасының заттарын ескере отырып тиісті түзетпелер енгізілді, олар 2018 жылғы қарашада Тараптардың отызыншы Кеңесінде түбегейлі қабылданып, бекітілетін болады.

е). *Тараптар болып табылмайтын мемлекеттермен саудалауды реттеу.* Хаттаманы ратификацияламаған елдермен («Түзетудің тарапы болып табылмайтын елдермен») саудалауға 2033 жылдан бастап тыйым салынады²⁴.

ХФК мен ГХФК қатысты бұрын қабылданған ұқсас шектеулер Монреаль хаттамасы ең тиімді халықаралық экологиялық келісімдердің бірі болуы үшін алғышарт құрады.

б), в) және г) тармақтары бойынша ақпарат 3-кестеде келтірілген.

3-кесте. 2-баптың (Монреаль хаттамасының 5-бабының шеңберінде әрекет етпейтін) елдер үшін ГФК тұтынуды кезең-кезеңмен қысқарту графигі

Негізгі көрсеткіштер	5-баптың шеңберінде әрекет етпейтін елдер (негізгі топ)	5-баптың шеңберінде әрекет етпейтін елдер Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстан
Базалық жылдар	2011, 2012 және 2013	2011, 2012 және 2013
Базалық тұтыну деңгейін есептеу	2011, 2012 және 2013 жылдары ГФК өндірудің/тұтынудың орташа деңгейі + ГХФК өндірудің/тұтынудың базалық деңгейінің 15%-ы	2011, 2012 және 2013 жылдары ГФК өндірудің/тұтынудың орташа деңгейі + ГХФК өндірудің/тұтынудың базалық деңгейінің 25%-ы
Өлшем бірлігі	ЖЖӘ тоннасы (CO ₂ -экв.)	ЖЖӘ тоннасы (CO ₂ -экв.)
Мүздату	–	–

²³ С қосымшасының I тобына немесе F қосымшасына енгізілген заттар өндірілетін объектілер бойынша. Қазақстанда ГХФК және ГФК өндірісі жоқ, тиісінше Қазақстанға F қосымшасының II тобының реттелетін заттарының шығарындылары бойынша есеп ұсыну қажет емес

²⁴ ... немесе Хаттаманың 4-бабын (Түзетудің Тараптары болып табылмайтын елдермен саудалауды реттеу) 70 ел ратификацияланған кезде (қайсысы кейінірек болатынына тәуелді). Тараптар Түзетудің Тараптары болып табылмайтын елдерге ГФК экспортына тыйым салулары және осы елдерден ГФК импортына тыйым салулары тиіс;

Тұтынуды қысқарту кезеңдері	жыл	%	жыл	%
1-кезең	2019	10 %	2020	5 %
2-кезең	2024	40 %	2025	35 %
3-кезең	2029	70 %	2029	70 %
4-кезең	2034	80 %	2034	80 %
5-кезең	2036	85 %	2036	85 %

Қазақстанда гидрофторкөміртекті өндіру бойынша кәсіпорындар жоқ. Сондықтан Қазақстан үшін Кигали түзетуі ГФК импортына ғана таралатын болады.

2030 жылдан бастап Қазақстанға ГХФК импортына тыйым салынатынын ескере отырып, Кигали түзетуін ратификациялау міндетті болады, өйткені егер Қазақстан Кигали түзетуін ратификацияламаса, онда ол ГХФК негізгі ауыстырғыштар болып табылатын реттелетін заттарды (R134a, R32, R410A және басқалары) импорттай алмайды.

Сондықтан бүгінгі күннің өзінде Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Кигали түзетуін ратификациялау бойынша мемлекетішілік рәсімдерді бастау, атап айтқанда.

- Қазақстанда ГФК тұтынудың базалық деңгейін есептеу;
- Қазақстан үшін тиісті ГФК квоталарын есептеу;
- үшінші елдерден және ЕАЭО елдерінің ішінде импорттың кедендік статистикасы деректерінің негізінде Қазақстанға ГФК импортын талдау;
- заңнамалық және нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі процесті, оның ішінде ЕАЭО деңгейінде бастау;
- әртүрлі мүдделі тараптар арасындағы хабардар болуды арттыру бойынша жұмыс жүргізу және ГФК қысқарту контекстіндегі әлеуетті өсіру, оның ішінде кеден қызметкерлерін және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі мамандарды қайта даярлау, сондай-ақ тоңазытқыш техникасы жөніндегі мамандарды қайта даярлау және сертификаттау қажет.

Орындау жөніндегі комитеттің Вена қаласында 2018 жылғы 8 шілдеде өткен Монреаль хаттамасын сақтамауға қатысты рәсімдер шеңберіндегі алпысыншы кеңесіне Кигали түзетуіне байланысты мәселе бойынша Көптарапты қордың Атқарушы комитеті ГФК өндіру мен тұтынуды кезең-кезеңмен қысқартуды қаржыландырудың басқарушы қағидаттарын әзірлеуде екені атап өтілгенін, осы Түзету қабылданғаннан кейін ол жұмыс барысы туралы жаңартылған ақпаратты Тараптардың отызыншы Кеңесіне ұсынатынын сондай-ақ атап өту қажет.

Ынталандыру қызметін жүзеге асыру үшін жәрдем көрсету туралы мәселені Атқарушы комитеттің қарастыруы үшін өлшемдер Кигали түзетуін ратификациялауды немесе оны барынша тез ратификациялауға үкіметтің ниеті туралы куәландыратын хат алуы және ГФК импорты мен экспортын лицензиялау жүйесінің бар болуын қосады.

Көптарапты қор дамушы елдерге (5-баптың елдеріне) Монреаль хаттамасының шеңберінде қабылданған міндеттемелерін орындауда жәрдемдесу үшін құрылса да, тәжірибе ұқсас тәсіл халықаралық қаржыландырудың басқа көздері, мысалға Жаһандық экологиялық қор үшін де қолданылатынын көрсетеді. Осылайша, Кигали түзетуін ратификациялау (немесе кемінде оны барынша тез ратификациялауға ниет) сондай-ақ Қазақстанда ГФК тұтынуды реттеуді барынша тез енгізу және қысқарту үшін халықаралық қаржылық қолдау алуға мүмкіндік береді.

Жұртшылықты хабардар ету. Озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастры

Хаттаманың 9-бабының 3-тармағына сәйкес ел үшін күшіне енгеннен кейін екі жыл ішінде және одан кейін екі жылда бір рет әрбір Тарап Хатшылыққа зерттеулер, әзірлемелер, жұртшылықты хабардар ету және ақпаратпен алмасу жөніндегі іс-шаралар туралы есеп ұсынады.

Қазақстан Хаттаманың 9-бабы²⁵ бойынша есепті бірде бір рет ұсынбады.

Сондай-ақ жұртшылықты хабардар ету жөніндегі уәкілетті органның (Хаттаманың 9-бабының 2-тармағы) нашар жұмысын атап өту қажет. Салалық департаменттің функцияларына екі негізгі бағыт: климаттың өзгеруі мен озон қабатын қорғау кіруіне байланысты хабардар етудегі негізгі акцент климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық келісімдерді іске асыруға, эмиссияларды есептеу мен верификациялауға және парниктік газдарды тұтуға мәселелеріне қойылған.

Салалық ұйымдардың – «Жасыл даму» АҚ²⁶ және Климаттың өзгеруі жөніндегі үйлестіру орталығының²⁷ сайттары бойынша да ұқсас жағдай. КӨҮО сайтында ақпарат ескірген, өзекті етілмеген.

Халықтың, мүдделі тараптардың озон қабатын қорғау мәселелері бойынша хабардар болуын және Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының талаптарын арттыру бойынша жұмысты белсендіру қажет.

ҚР Экологиялық кодексінің 316-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес реттелетін озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын әзірлеуді Қазақстанға озонды бұзатын заттарды әкелу мен әкетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің жыл сайынғы есептерінің негізінде ұйымдастырады.

Озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрының деректері ашық болып табылады және жариялауға жатады. Өкінішке орай, жалпы қол жеткізуде мұндай кадастр жоқ.

Импорттаушылар мен экспорттаушылардың міндетті есептілігі – импортты/экспортты лицензиялаудың кез-келген жүйесінің өте маңызды құраушысы, өйткені осындай шартсыз берілген лицензияларды іс жүзінде пайдалану мониторингі өте қиынға түседі, өйткені кеден органдарының статистикалық деректері ақпаратты субъектілер бойынша егжей-тегжей етпейді.

Барлық импортерлер жыл сайынғы есептілікті бермейтінін тәжірибе көрсетеді, оның салдарларынан мемлекеттік кадастрды жүргізу қиындыққа соғады. Бұл ретте, бизнестің осы санатын шағынға жатқызу мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізуге мүмкіндік бермейді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР кодексінде осы мәселе бойынша, мысалға, «Жер қойнауын пайдалану саласында есептілік ұсыну тәртібін бұзу» деген 349-бап сияқты бап жоқ. «Лицензиялау нормаларын бұзу» деген 464-бапты шамалы қолдануға болады. Осының барлығы импортерлерді бақылаудың мүмкін болмауына және ОБЗ импортынан бастап оның қалдықтарына дейін ОБЗ айналымының толық көрінісінің жоқ болуына әкеледі.

ОБЗ тұтынуды реттеу ол бойынша Қазақстанда маусымды бұзушылықтары болатын халықаралық міндет болып табылуына байланысты ҚР ұлттық экономика

²⁵ <http://ozone.unep.org/research-development-public-awareness-and-exchange-information-reported-parties-article9>

²⁶ <http://zhasyldamu.kz/npa/parnikovye-gazy/kadastr-istochnikov-vybrosov-i-pogloshchenij-parnikovykh-gazov.html>

²⁷ <http://www.climate.kz/rus/?m=catalog&cid=24>

министрінің м.а. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 835 және ҚР энергетика министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 721 бірлескен бұйрығымен бекітілген Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парағының «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы есепке алу және есептілік» деген бөлімді «Озонды бұзатын заттардың қолданылу салалары бойынша іс жүзінде әкелінген, әкетілген және өткізілген көлемі туралы есептің болуы және оның жүргізілуі, оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға енгізу» деген тармақпен толықтыру қажет. Есептілік беру рәсімін қарапайым ету және деректерді өңдеуді жеңілдету мақсатында ОБЗ тұтынудың мемлекеттік кадастрын толтырудың электрондық жүйесін әзірлеу және енгізу қажет.

Бұдан басқа, ҚР Экологиялық кодексінің 318-бабында көзделген озонды бұзатын заттардың шығарындыларын түгендеу мәселесі түгендеуді жүргізу тәртібін және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылатын түгендеу нәтижесінің нысанын (есеп нысанын) әзірлеу бөлігінде пысықтауды талап етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан үшін Монреаль хаттамасының жиырма жылдық қолданылу кезеңінде жақсы нәтижелерге қол жеткізілді.

Алайда, Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасында көзделген ОБЗ тұтынуды реттеу шараларын Қазақстанның сақтамау режимдерінің жағдайлары орын алады.

Осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау мақсатында осындай жобаларды басқа елдерде іске асыру тәжірибесін ескере отырып, қажетті іс-шараларды Үкімет/БҰҰДБ «ОБЗ жоқ жаһандық жылыну әлеуеті төмен энергия тиімді технологияларды алға тарту арқылы ҚР-да кезең-кезеңмен ГХФК қысқарту» бірлескен жобасында барынша қарастыру қажет.

Қазақстанның Кигали түзетуін ратификациялауы бойынша жұмысты жеделдету қажет. Бұл үшін, бірінші кезекте, ГФК тұтынудың базалық деңгейін бағалау, жыл сайынғы импорт көлемін пысықтау, бизнеске жүктемені бағалау, мүдделі тараптардан жұмыс тобын құру, Кигали түзетуін ратификациялауды Қазақстан Республикасының шарттарын жасасудың жақын арадағы жылдарға арналған перспективалық жоспарына енгізу қажет.

Жұртшылықтың хабардар болуын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің сайтында озонды бұзатын заттарды реттеу бойынша уақытылы өзекті етілген ақпаратты орналастыру қажет.